

**«Общественная позиция»
(проект «DAT» № 05 (42) от 3 февраля 2010 г.**

СӘРСЕНБІДЕГІ СҰХБАТ

Ермек Тұрсынов:

БІЗГЕ ТАҢСЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

қоғамда наразылық пен үрей тудырады

Қазақстанның абыройын әлем жүртшылығы алдында айрандай төгеді деген «Келіннің» өнерді өзгеше түсінетін дүниеде жолы болып, Америка киноакадемиясының шетелдік фильмдерге берілетін «Оскар» сыйлығының жартылай финалына шықты. Кезінде қыруар қаржы жұмсалған «Көшпендерлер» мен «Монгол» фильмдері мұндай табыстың есігінен де сығалай алмаған. Атапмыш фильмнің режиссері Ермек Тұрсынов: «Сыйлықты алар-алмаспыш, бірақ осы жетістіктің ұшар басында Қазақстанның туы желбіреп тұрады», – дейді біздің «Сәрсенбідегі сұхбатымызда».

– Ермек мырза, сіз мамандығыңыз бойынша журналиссіз ғой, киноға қалаі келдіңіз?

– Екінші мамандығым бойынша кинодраматургпін. Ресейде сценаристер мен режиссерлер дайындастын жоғары курсы бітірдім. Сондықтан мен өз мамандығым бойынша жұмыс жасап жүрген адаммын.

– «Келіннен» кейін біздің мәдениет саласындағы шенеуніктер кино түсіруге сізге қаржы бөлер ме еken? «Бейбарысты» экрандаимын деген арманыңыз Қазақстанда жүзеге аспайтын шығар. Осыны ойланып көрдіңіз бе?

– «Келін» он төрт елді аралап қайтса, соның бәрінде жоғары бағаға ие болды. Қазір ол әлемдегі ең үздік тоғыз фильмнің қатарына енді. Яғни «Оскарға» 65 елдің туындысы қатысып бақ сынаса, біз солардың ішіндегі ең үздігі болып табылдық. Бұл дегенің менің немесе шығармашылық топтың ғана емес, бүтіндей мемлекетіміздің мақтанышы болуы керек. Осыдан бастап, біз әлемдік кино ұйымының сапында ұялмай тұра аламыз деп ойлаймын. Себебі, «Келін» фильмі тәнірегінде әлемнің түрлі бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазуда.

Жетістік дегенің осы емес пе?

Бір түсінбейтінім – біздікілер жыл сайын «Оскарға» қатысып жүргендей кейіп танытады. Тіпті Тұрсыновты айдалаға апарып тастағандар да аз болмады. Ал мұның артында Қазақстан жалауының желбіреп тұрғандығын түсінбейді. Айғайшылар неге осыны қаперіне алмайтынын түсінбеймін.

Ал «Бейбарысқа» келер болсақ, бұл жоба қыруар қаражатты қажет етеді. Ондай ақша менде жоқ. Сондықтан қаржы тапшылығы жағдайында қалай болса солай картина түсіре алмаймын.

– Әлем киногерлерінің назарына сіздің киноңыз қандай ерекшелігімен ілікті деп ойлайсыз?

– Менің киномды «Оскарға» жетелеп жүрген промоутерлерімнің айтуынша, «оскарлық» комиссияның академиктері бұл картина тілсіз болса да, мазмұн астарымен көп жайтты аңғартқанын айттыпты. Яғни олар фильмдегі астарлы құбылыстың құпиясын түсінген. Картина жасырын түрде дауысқа түсіп, екі мыңнан астап академик бағасын берді. Бұдан артық қандай сынақ болуы мүмкін?

– Егер «Келіннің» жолы болып, финалға шықса, сіздің быт-шыт етіп сыйнағандар қайтер еді? Үндемей қала ма?

– Оны білмеймін. Көңілдері не қаласа, соны жасасын. Жалпы, «Жараланған құсқа оқ атпа» дейді қазақ.

– Осы «Келіннің» төңірегіндегі дау-дамай елдегі ескі мен жаңаның тартысынан туған әңгіме болды. 90 шынылдары жаңаша дүние құруға үмттылған біздің елде бүгіндері қай салада болсын ескіліктің екпіні неге қатты болып тұр деп ойлайсыз?

– Бұл – бұрыннан қалыптасқан үдеріс. Жаңалар ескілермен күрессе, ескілер кеткісі келмей әлек болады. Бұл – бүткіл дүниеде бар және бола беретін үдеріс. Ал бізде бұл талас құбыжықтар айқасына айналған: прокуратураға хат жолдау, одан қалса депутаттық сауал жолдау сияқты жағымсыз әрекеттер қалыптасқан. Осылайша адамдар өзінің көргенсіздігін көрсетіп алады. Бірақ оларға құдай төреші болсын. Өз басым, ешкімге ренжімеймін және ештеңеге мән берместен тек алға ғана үмттыла беремін. Негізінде, әр адамның өз ісімен айналысқаны жөн ғой. Ең жаманы – кинодан хабары жоқ біреулер кәсіби түрде бағалай аламын

деп, жоқ жерден кірісіп кетеді. Киносыншы болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін көп оқып-тоқу қажет. Әйтпесе «Қисық аяқта қызыл кебіс не керек»!? Мысалы, мен банкир немесе сазгерлерге барып, мынаны былай жаса, ананы олай жаз деп ақыл үйретпеймін ғой.

– *Біздегі ескіліктің үстемдік құруына елдегі азаматтық қоғамның кенделігі кінәлі деген пікір бар. Мәселен, қоғамның қай саласына болсын жаңаша даму үдерісін қамтамасыз ететін саяси жүйенің өзі жалғыз партиялық советтік дәуірге қайтып келді. Қоғам дамуындағы артта қалушылыққа бірінші кезекте саяси билік жауапты деген пікірге қалай қарайсыз?*

– Мен саясаткер емеспін. Тіпті, сол саясаттан аулақпын. Шығармашылықтың адамы болғандықтан, олардың іс-әрекетіне баға бере алмаймын. Тіпті мені саясат қызықтырмайды да.

– *Кезінде әлем жұртшылығы мойындаған жапондардың «Легенда о Нарояме» деген фильмінде бір кейіпкер қорада байлаулы тұрған итпен жыныстық қатынас жасайды. Бірақ осы көрініске жапондар «намысымызға тиеді» деп, наразы болған жоқ. Шамасы, бұл қоғамның санасы мен танымына қатысты мәселе болса керек. Сіз оған қалай қарайсыз?*

– Жалпы, өз басым, өзіндегі кемшілікті түсініп, құле алатын үлтты ғана мықты деп санаймын. Құлқі – денсаулықтың кепілі. Бірақ, өкінішке қарай, әр үлттың ішінен кез келген мультфильмде кемсітушілік бар дегенді айтатындар жоқ емес. Мәселе тамашалаған дүниене өзіндік көзқараспен қарағаныңа байланысты. Мысалы, біз бүгінгі күні «Қызы-Жібек» фильмінің жалғасын түсірер болсақ, Жібектің Төлегеннің кенже інісіне түрмисқа шыққандығынан айналып өте алмаймыз. Сонда не істеуіміз керек? Егер осы жөнінде кейбір қайраткерлердің сөзіне құлақ асар болсақ, бұл дегеніңіз адамгершіліктен аттап кетумен бірдей. Немесе «Қобыланды батыр» эпосындағы бір кейіпкер – Көтібарды қайтеміз? Егер бұл есімді тете мағынасында аударатын болсақ, көпшілік оны тіpten басқа түйсікпен түсінуі мүмкін ғой. Бірақ бұл Көтібардың проблемасы емес, бұл – дүниеге өзінің кемшін көзімен қараған адамның проблемасы.

– *Ал Сергей Бодровтың «Шыңғыс хан» фильмінде*

Бөрте анамыздың жезөкше болып кеткеніне қалай қарайсыз? Картина дағы бұл бүрмалаушылық кинотуындының мазмұнын байытып түр деп ойлайсыз ба?

– Мұны Бодровтың өзінен сұрағаныңыз жөн болар. Елжүрттың алдында өз әріптерімді, әсіресе достарымды сынап-міней алмаймын. Біз Сергей екеуміз осы жөнінде сөйлескен болатынбыз. Бірақ ол – екеуара айтылған жеке әңгіме.

– «*КТК*» арнасының қолдауымен режиссер Лев Мариапульский дің «*Қайрат Чемпион пәк жігіт № 1*» киносын тамашалаған боларсыз. Бірақ ол да парламентте аз талқыла түспеген көрінеді...

– Шынын айттар болсам, ол фильмді көрген жоқпын.

– Ермек мырза, әлемдік киноиндустрия мен кинокөрмермендерді мойындаған біздің Тимур Бекмамбетовтің құдіретін сіз қалай түсіндіресіз?

– Кезінде Тимур «*Қазақфильмдегі*» емен есіктердің бәріне кіріп, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруды ұсынған болатын. Өкінішке қарай, оның сөзіне құлақ асқан ешкім болмады. Сонан соң ол еріксіз қолын бір сілтеп, Ресейге кетіп қалды. Жалғыз Тимур ғана емес, көптеген мамандарымыздан осылайша айырылып қалдық. Қаншама музықант, ғалым, спортшыларымыз шетелдерде жүр. Солардың есімін атай берсек, сіздің газетіңізден орын жетпес еді. Енді келіп, Тимурдың астына кілем төсеп, қайтадан шақырып жатырмыз. Біз білікті мамандарымызды әуелде керек қылмай, өзгеге қолды етеміз де, сол елде өзін мойындана бастаған кезде, үялмай қайта шақырамыз. Бұл – қанымызда бар әдет. Орынсыз болса да, тағы бір жайттың сырын айтайын.

Мұстафа Шоқай – Берлинде, Әл-Фараби – Дамаскіде, Сұлтан Бейбарыс – Сирияда, ал Әлихан, қателеспесем, Мәскеуде жерленген. Көптеген атақты қазақтар түрлі себептерге байланысты өз отанынан кетіп, бетен жерден пана табуға мәжбүр болды. Неге бұлай? Себебі, бізге таңсық құбылыстар қоғамда наразылық пен үрей тудырады. Ондайда «*Көршің қорқақ* болса, өзінді үркітіп өлтірер» дейді. Міне, бізде осында мұнлы ақиқат бар.

**Әңгімелескен
Динар**

КАМИЛОВА,
«D»